облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 50 000 000 000 теңге;

осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:

30.06.2021 ж. жағдай бойынша есептелген сыйақы сомасы 2 491 111 111,11 теңгені құрады;

30.06.2021 ж. жағдай бойынша төленген сыйақы сомасы 2 950 000 000,00 тенгені құрады;

сатып алынған облигацияларды сатып алу күнін көрсетумен олардың саны: осы шығарылымның облигациялары сатып алынған жоқ;

эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамауы (төлемей (төлеуді кешиктіру) фактілері туралы мәліметтер, оның ішінде орындалмаған міндеттемелердің көлемі және оларды орындау мерзімінің өтіп кетуі туралы ақпарат, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы: эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ;

егер облигациялар шығарылымын орналастыру немесе айналымға салу тоқтатылса (қайта жаңартылса), осындай шеңімді қабылдаған мемлекеттік орган, қабылдану негізі мен күні көрсетіледі: облигациялар шығарылымын орналастыру немесе айналымға салу тоқтатылған (қайта жаңартылған) фактілер жоқ;

облигациялар айналымға түсетін нарықтар, сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда: облигациялар ұйымдастырылған нарықта айналымға түседі және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізімінде бар;

егер облигациялар айналымға түскен жағдайда, облигациялардың оларды ұстаушыларға беретін құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзу кезінде іске асырылған құқықтар және и ұстаушылармен жасалған облигацияларды сату және сатып алу шарттарында көзделген құқықтар, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып:

1) Эмитенттен шығару шарттарында көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу, сонымен қатар шығарылым шарттарында белгіленген мерзімде облигацияның номиналды құнынан белгіленген пайызды алу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Эмитенттің ішкі ережелеріне және

- «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіпте Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру;
- 4) осы аңдатпада белгіленген жағдайларда сатып алуға облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін беру құқығы;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.

2.3.2. жетінші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың екінші шығарылымы:

*Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органда облигациялар шығарылымын тіркеу күні (бұдан әрі - уәкілетті орган):* 28 шілде 2020 жыл;

*облигациялардың саны мен түрі:* қамтамасыз етудің 120 000 000 купондық облигациялар;

*номиналды құны бойынша шығару көлемі:* 120 000 000 000 теңге;

*шығарылымының орналастырылған облигациялар саны:* 50 000 000 дана;

*облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі:* 50 000 000 000 теңге;

*осы облигациялардың шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:*

30.06.2021 ж. жағдай бойынша есептелген сыйақы сомасы 344 166 666,67 теңгені құрады;

30.06.2021 ж. жағдай бойынша төленген сыйақы сомасы 2 950 000 000,00 теңгені құрады;

*сатып алынған облигацияларды сатып алу күнін көрсетумен олардың саны:* осы шығарылымның облигациялары сатып алынған жоқ;

*эмитенттің облигацияларды ұстаушылар аясындағы облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамауы (төлемей (төлеуді кейіктіру) фактілері туралы мәліметтер, оның ішінде орындалмаған міндеттемелердің көлемі және оларды орындау мерзімінің өтіп кетуі туралы ақпарат, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы:* Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар аясындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ;

*егер облигациялар шығарылымын орналастыру немесе айналымға салу тоқтатылса (қайта жаңартылса), осындай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, қабылдану негізі мен күні көрсетіледі:* облигациялар шығарылымын орналастыру немесе айналымға салу тоқтатылған (қайта жаңартылған) фактілер жоқ;

*облигациялар айналымға түсетін нарықтар, сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда:* облигациялар ұйымдастырылған нарықта айналымға түседі және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізімінде бар;

*егер облигациялар айналымға түскен жағдайда, облигациялардың оларды ұстаушыларға беретін құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзу кезінде іске асырылған құқықтар және и ұстаушылармен жасалған облигацияларды сату және сатып алу шарттарында көзделген құқықтар, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып:*

- 1) Эмитенттен шығару шарттарында көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу, сонымен қатар шығарылым шарттарында белгіленген мерзімде облигацияның номиналды құнынан белгіленген пайызды алу;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Эмитенттің ішкі ережелеріне және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіпте Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру;
- 4) осы аңдатпада белгіленген жағдайларда сатып алуға облигациялардың барлығын

немесе бір бөлігін беру құқығы;  
5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.

2.3.3 жетінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың үшінші шығарылымы:

*Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органда облигациялар шығарылымын тіркеу күні (бұдан әрі - уәкілетті орган):*  
12 қараша 2020 жыл;

*облигациялардың саны мен түрі: қамтамасыз етілмеген 50 000 000 купондық облигация;*

*номиналды құны бойынша шығару көлемі: 50 000 000 000 теңге;*

*шығарылымының орналастырылған облигациялар саны: 50 000 000 дана;*

*облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 50 000 000 000 теңге;*

*осы облигациялардың шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:*

30.06.2021 ж. жағдай бойынша есептелген сыйақы сомасы 344 166 666,67 теңгені құрады;

30.06.2021 ж. жағдай бойынша төленген сыйақы сомасы 2 950 000 000,00 теңгені құрады;

*сатып алынған облигациялардың сатып алу күні көрсетілген олардың саны: осы шығарылымның облигациялары сатып алынған жоқ;*

*эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамауы (төлеу (төлеуді кешіктіру) фактілері туралы мәліметтер, оның ішінде орындалмаған міндеттемелердің көлемі және оларды орындау мерзімінің өтіп кетуі туралы ақпарат, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы: эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ;*

*егер облигациялар шығарылымын орналастыру немесе айналымға салу тоқтатылса (қайта жаңартылса), осындай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, қабылдану негізі мен күні көрсетіледі: облигациялар шығарылымын орналастыру немесе айналымға салу тоқтатылған (қайта жаңартылған) фактілер жоқ;*

*облигациялар айналымға түсетін нарықтар, сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда: облигациялар ұйымдастырылған нарықта айналымға түседі және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізімінде бар;*

*егер облигациялар айналымға түскен жағдайда, облигациялардың оларды ұстаушыларға беретін құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзу кезінде іске асырылған құқықтар және и ұстаушылармен жасалған облигацияларды сату және сатып алу шарттарында көзделген құқықтар, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып:*

1) Эмитенттен шығару шарттарында көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу, сонымен қатар шығарылым шарттарында белгіленген мерзімде облигацияның номиналды құнынан белгіленген пайызды алу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Эмитенттің ішкі ережелеріне және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіпте Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру;

4) осы аңдатпада белгіленген жағдайларда сатып алуға облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін беру құқығы;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.

### 3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

#### 3.1. Облигация түрі:

Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар.

- 3.2. *Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):*

Облигациялардың номиналды құны айқындалған шама болып табылады және 1 000 (бір мың) теңгеге тең.

- 3.3. *Облигациялардың саны:*

32 200 000 (отыз екі миллион екі жүз мың) дана.

- 3.4. *Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:*

32 200 000 000 (отыз екі миллиард екі жүз миллион) теңге.

- 3.5. *Облигацияның номиналды құмының валютасы, негізгі қарыз және (немесе) облигациялар бойынша есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:*

Барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі қарыз сомасын төлеуді) Эмитент қолма-қол ақшасыз Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) төлеу арқылы жүзеге асырады. Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, негізгі қарызды және/немесе Облигациялар бойынша есептелген сыйақыны төлеу теңгемен жүргізілетін болады, Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде ашылған банк шоты болған жағдайда. Төлем жасау кезінде теңгені басқа валютаға конвертациялауды (тек АҚШ доллары немесе Евро) егер Эмитент тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын Облигация ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған кезде жүзеге асырылады. Аталған конвертация төлемді жүзеге асыру күніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға конвертациялау (тек АҚШ доллары немесе Евро) Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын Облигация ұстаушы есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын Облигация ұстаушы пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға конвертациялауға жол берілмейді. Конвертацияда туындайтын эмитент шығындары Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын Облигация ұстаушыға аударылуға жататын сомадан ұсталып қалынатын болады.

#### 4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі:

Осы шығарылым облигациялары қолма-қол ақшасыз формада төленеді.

#### 5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

- 5.1. *Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):* Сыйақы мөлшерлемесі: облигацияның номиналды құнынан жылдық 7,1% (жеті бүтін оннан бір), айналымның бүкіл мерзімі барысында өзгеріссіз.

- 5.2. *Сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні:* Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналымының бүкіл мерзімі барысында облигациялар айналымы басталған күнінен бастап жылына 1 (бір) рет әрбір 12 (он екі) ай сайын жүргізіледі.

- 5.3. *Облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн:*

Сыйақыны есептеу Облигациялардың айналымы басталған күнінен бастап Облигацияларды өтеу басталатын күнге дейін жүзеге асырылады.

5.3. *Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:*

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізімі жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (Эмитенттің облигацияларын ұстаушылар тізімі жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – Фиксация күні). Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу Фиксация күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы теңгеде жүзеге асырылады. Купондық сыйақы купондық сыйақының номиналдық құнының және жылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі. Сыйақыны (купонды) есептеу үшін 360/30 (бір жылда үш жүз алпыс күн/бір айда отыз күн) уақытша базасы қолданылады. Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша қарыздың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

5.4. *Облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі:*  
Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналымның бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақытша базасымен жүргізілетін болады.

6. **Арнайы қаржы компаниясы облигациялар шығару кезінде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша мыналар көрсетіледі:**

6.1. *ақша талаптарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімдерінің шарттары мен болжамды мерзімдері;*

6.2. *базалық шарт бойынша құрылған мүлікке меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты облигация ұстаушыларға беру тәртібі;*

6.3. *арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру шарттарына қызмет көрсету және активтерді инвестициялық басқарумен байланысты шығыстарының тізімі.*

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

**7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюритизация кезінде қосымша мыналар көрсетіледі:**

*7.1. оригиналатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері;*

*7.2. секьюритизация шартындағы оригиналатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;*

*7.3. бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша талап ету құқықтарының сипаттамасы, ақшаның түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;*

*7.4. бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;*

*7.5. секьюритизация шарты бойынша қызметтерді төлеу шығындары және арнайы қаржы компаниясы осы шығындарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы болатын шарттар;*

*7.6. оригиналатордың және секьюритизация шартына қатысатын тұлғалардың секьюритизацияны қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;*

*7.7. секьюритизация шартын қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдауы;*

*7.8. талап ету құқықтарының біркелкілік өлшемдері;*

*7.9. облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу кезектілігі.*

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

**8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:**

*8.1. Облигацияларды орналастыруды бастау күні:*

Облигацияларды орналастыру ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымның бүкіл мерзімі ішінде облигациялардың айналымы басталған күннен бастап жүргізіледі.

*8.2. Облигацияларды орналастыруды аяқтау күні:*

Облигацияларды орналастыруды аяқтау күні Облигациялардың айналым кезеңінің соңғы күні болып табылады.

*8.3. Облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):*

Облигацияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру жоспарланады.

**9. Облигациялар айналымының шарттары мен тәртібі:**

*9.1. Облигациялар айналымының басталу күні:*

Облигациялар айналысының басталу күні "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген саудасаттықты өткізу күні болып табылады.

Облигациялар айналысының басталу күні туралы хабарлама ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) "Қазақстан қор биржасы" АҚ интернет-ресурсында жарияланады.

*9.2. Облигациялар айналымының аяқталу күні:*

Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 10 (он) жыл өткеннен кейін.

*9.3. Айналым мерзімі:*

Облигациялардың айналым мерзімі Облигациялардың айналымы басталған күннен бастап 10 (он) жылды құрайды.

- 9.4. *Облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған багалы қағаздар нарығы):*  
Эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған багалы қағаздар нарықтарында айналымға түсетін болады.

## 10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:

### 10.1. Облигацияларды өтеу күні:

Облигациялар облигациялардың айналым кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде өтеледі.

### 10.2. Облигацияларды өтеу тәсілі:

Облигациялар облигациялардың айналым кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішіндегі соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып Облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі, Облигациялардың айналым кезеңінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша Облигацияларды ұстаушылардың тізімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша (теңгемен) аудару арқылы жүзеге асырылады. Негізгі қарыз сомасын өтеу және соңғы купондық сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушылар тізімінің деректеріне сәйкес облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын болады. Барлық төлемдер – Эмитент сыйақы төлеуді және облигацияларды өтеуді қолма-қол ақшасыз жүзеге асырады.

- 10.3. *Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу облигацияларды шығару аңдатпасына сәйкес басқа мүлкілік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың және осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібінің сипаттамалары келтіріледі:*

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүлкілік құқықтармен жүргізілмейді.

## 11. Багалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда мыналар көрсетіледі:

### 11.1. Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өзінің облигацияларын ұйымдастырылған және/немесе ұйымдастырылмаған нарықтарда облигациялар айналымының бүкіл мерзімі ішінде сатып алуға құқылы. Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған багалы қағаздар нарығында) және сатып алу күні Эмитенттің Директорлар Кеңесінің тиісті шешімімен анықталады. Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және оларды Эмитент қайта сата алады.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигациялар сатып алынатын облигация ұстаушылардың құқықтарын бұзуга әкеп соқпауға тиіс.

Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда Эмитент осындай шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сатып алуды іске асырады. Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесі осындай шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушылардың назарына Эмитенттің ([www.kdb.kz](http://www.kdb.kz)), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)), Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми корпоративтік интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Эмитенттің ішкі актілерінде, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіпте жеткізілетін болады. Хабарламада тәртіп, шарттар және Облигацияларды сатып алу жүргізілетін күнді көрсетіледі. Облигациялар сатып алынғаннан кейін орналастырылған (сатып алынғандарын



есептемегенде) облигациялардың саны туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ эмитенті ашады. Облигациялар айналымының бүкіл кезеңі ішінде Эмитент Эмитенттің Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес облигацияларды олардың күшін жою мақсатында сатып алу (бұдан әрі – «Күшін жою мақсатында сатып алу») құқығы бар. Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды жою мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент Директорлар кеңесі осындай шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Эмитенттің ([www.kdb.kz](http://www.kdb.kz)), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)), Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми корпоративтік интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен және ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілермен белгіленген тәртіпте Облигация ұстаушыларды хабардар етеді. Хабарламада тәртіп, шарттар және облигацияларды жою мақсатында сатып алу жүргізілетін күн көрсетілуі тиіс.

Эмитент Директорлар кеңесі күшін жою мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент сатып алуды осындай шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Облигацияларды жою мақсатында сатып алу жинақталған сыйақыны бір мезгілде төлеумен номиналды құны бойынша теңгеде күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүзеге асырылады, Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген облигацияларды жою мақсатында сатып алу күнінен бастап. Облигацияларды жою мақсатында сатып алу кезінде номиналды құнды және жинақталған купондық сыйақыны алуға облигацияларды ұстаушылардың тізімде күшін жою мақсатында Сатып алу күнінің алдындағы күннің басындағы жағдай бойынша тіркелген тұлғалардың құқығы бар. Эмитенттің облигацияларды сатып алу немесе күшін жою мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдауы облигация ұстаушыларда эмитентке тиесілі облигацияларды сату міндеттемесінің туындауының себебі болып табылмайды.

Егер барлық Облигацияларды Эмитент бағалы қағаздардың екінші нарығында сатып алатын болса, Облигациялар шығарылымын жою туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, облигациялардың номиналды құнын және облигациялар бойынша жинақталған сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде банктік шоты болған кезде жүргізіледі.

## 12. Егер бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) болған жағдайда мыналар көрсетіледі:

### 12.1. Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

Облигациялар айналымының бүкіл мерзімі ішіндегі Эмитенттің міндеттері:

- эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шарты және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның басқа ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
- Облигациялар эмитенті және «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шарты және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның басқа ішкі құжаттарында белгіленген облигациялар эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу .

### 12.2. Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі Эмитенттің іс-қимыл тәртібі:

Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңда және осы аңдатпада көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы бұзушылық туралы ақпаратты Облигациялар ұстаушылардың назарына бұзушылықтың пайда болу себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып Эмитенттің ([www.kdb.kz](http://www.kdb.kz)), «Қазақстан қор биржасы» ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) АҚ-ның, Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы жеткізеді.

Сатып алу туралы Облигация ұстаушылардан алғашқы жазбаша талап алынған күннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, Эмитенттің Директорлар кеңесі облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны ескерумен немесе облигациялардың әділ нарықтық бағамен қандай бағаның ең жоғары болып табылатынына қарай. Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Эмитент Облигация ұстаушылардың алдағы облигацияларды сатып алу күні туралы Эмитенттің ([www.kdb.kz](http://www.kdb.kz)), «Қазақстан қор биржасы» ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) АҚ-ның, Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы хабардар етеді.

Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Облигацияларды ұстаушыдан облигацияларды сатып алу туралы алғашқы жазбаша-талап алынған күннен бастап күнтізбелік 40 (қырық) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады. Сатып алу облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштердің негізінде ғана жүргізіледі.

**12.3. Ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кездегі облигацияларды ұстаушылардың әрекет ету тәртібі:**

Осы аңдатпада көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған және/немесе Эмитенттен осындай бұзушылық туралы ақпарат алған жағдайда, Облигация ұстаушылардың кез келгені хабардар етілген күннен бастап 20 (жырма) жұмыс күні ішінде өзіне тиесілі облигацияларды Эмитентке оларға тиесілі облигацияларды номиналды құнына сәйкес баға бойынша сатып алу туралы тиісті талап беру арқылы сатып алуды талап етуге құқылы, жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны ескерумен немесе облигациялардың әділ нарықтық бағамен қандай бағаның ең жоғары болып табылатынына қарай. Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті реквизиттерді көрсете отырып, еркін формада өтініш береді:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманы) беру күні және берген орган; заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк реквизиттері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;
- жеке тұлға үшін: облигация ұстаушының тегі, аты және егер бар болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні, нөмірі және беру органы; тұрғылықты жері; телефондары; банк реквизиттері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың осы аңдатпада көрсетілген айналым мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқығы бар.

**13. Конвертацияланатын облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:**

*13.1. облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және оларды орналастыру бағасын айқындау тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;*

*13.2. облигацияларды конвертациялау тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толығымен конвертацияланса, облигацияларды шығару конвертация аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жойылуды жататындығы көрсетіледі. егер облигациялар шығарылымы*

*толығымен конвертацияланбаса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастыруға жаппайтыны және айналым мерзімінің соңында өтетіні көрсетіледі).*

Осы шығарылымның облигациялары конвертацияланатын болып табылмайды.

**14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын Эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:**

*14.1. мүлік құнын көрсетумен шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;*

*14.2. қамтамасыз ету құны мен облигациялар шығарылымының жиынтық көлемі арасындағы пайыздық арақатынас;*

*14.3. кепіл пәніне өндіріп алуды қолдану тәртібі.*

Осы облигациялардың шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

**15. Кепілдік берген банктің деректері, оның атауын, орналасқан жерін, кепілдік шартының реквизиттерін, кепілдік мерзімі мен шарттарын көрсете отырып (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе).**

Облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

**16. Концессия шартының реквизиттері және мемлекет кепілдігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы - инфрақұрылымдық облигациялар шығару кезінде.**

Облигациялар инфрақұрылымдық емес.

**17. Облигацияларды орналастырудан түсетін ақшаны пайдаланудың мақсаты:**

*17.1. Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:*

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 55-ө өкімімен бекітілген 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасы аясында агроөнеркәсіптік кешен жобаларын қаржыландыруға бағытталады.

*17.2. Инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде облигацияларды ұстаушылармен жасалған шарт талаптарына сәйкес облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметтеріне ақы төлеу шығындары көрсетіледі:*  
Қолданылмайды. Облигациялар инфрақұрылымдық емес.

**18. Эмитент бұрын орналастырған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін айналым мерзімі өтіп кеткен облигацияларды шығару кезінде (Эмитент сатып алған облигацияларды есептемегенде), қосымша осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы көрсетіледі.**

Облигацияларды төлеу Эмитенттің бұрын орналастырылған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен жүзеге асырылмайды.

**19. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:**

*19.1. Эмитенттен облигациялар шығарылымы аңдатпасында көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу құқығы немесе басқа мүлкілік балама алу, сонымен қатар облигацияның номиналды құнынан белгіленген пайыз алу құқығы немесе облигациялар шығарылымы аңдатпасында белгіленген басқа мүлкілік құқықтар алу:*  
Облигация ұстаушылардың құқықтары:

- Облигациялар аңдатпасында көзделген мерзімде номиналды құнды алу;
- Облигациялар аңдатпасында көзделген мерзімде сыйақы алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Эмитенттің ішкі ережелеріне және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіпте Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алуға құқығы бар;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру;
- Облигацияларды еркін иеліктен шығару және оларды басқару;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуын талап етуге құқығы болады, оның ішінде облигациялар аңдатпасында көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде;
- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.

*19.2. Эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсетіп, облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы, оның ішінде облигациялар аңдатпасында көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде:*

Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздемелер орын алғанда, Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын сатып алғаны туралы хабардар етеді, хабарламаны Эмитенттің ([www.kdb.kz](http://www.kdb.kz)), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми сайттарында орналастыру арқылы, оның ішінде: (i) Эмитенттің облигацияларын сатып алуға әкелген аталған жағдайлардың қайсысы орын алғаны туралы ақпарат; (ii) облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша мүмкін әрекеттерін атап өту, эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда; (iii) Эмитенттің шешімі бойынша басқа ақпарат.

Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында аталған жағдайлар орын алғанда облигацияларды ұстаушылардың кез-келгені тиісті хабарлама алғаш жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитентке (Эмитенттің орналасқан жерінің мекен-жайы бойынша) облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап жіберу арқылы өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Осындай талаптардың біріншісі алғаннан кейін Эмитент сатып алу күнін белгілейді, ол осындай талап алынған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен аспауы тиіс, және Облигация ұстаушылардың облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы Эмитенттің ([www.kdb.kz](http://www.kdb.kz)), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми сайттарында сәйкес хабарламаны орналастыру арқылы хабарлайды.

Эмитент облигацияларын сатып алу келесі бағалардың қайсысы жоғары болады соған қарай жүзеге асырылады:

- жинақталған сыйақыны есепке алумен Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;
- облигациялардың әділ нарықтық бағасымен.

Ұстаушылары өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап бермеген облигациялар осы аңдатпада көзделген тәртіпте облигациялардың айналым мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

*Басқа құқықтар:*

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға қатысты құқықтан туындайтын басқа құқықтар.

**20. Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы орын алатын жағдайлар туралы мәліметтер:**

*20.1. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар*

*тізімі:*

Дефолт - Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамауы.

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдай (бұдан әрі – «Дефолт жағдайы») Эмитенттің облигациялар бойынша негізгі қарызы және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу міндеттемелерін осы аңдатпада көзделген негізгі қарызды және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімдері өткеннен кейін жартылай және (немесе) толық орындамауы болып табылады.

Эмитенттің сыйақыны және (немесе) облигациялардың номиналды құнын жетінші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың бесінші шығарылымы аңдатпада белгіленген мерзімдерде төлемеуі және/немесе толық емес төлемеуі дефолт болып табылмайды, егер мұндай төлемеу және (немесе) толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруына мүмкіндік бермеген Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының анық емес немесе толық емес реквизиттерін алу нәтижесінде болса немесе «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның облигациялар ұстаушылар тізімін эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімде ұсынбауының нәтижесінде болса.

*Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда Эмитент қолданатын шаралар, облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін қоса алғанда, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары:*

Облигациялар бойынша дефолт туындағанда Эмитент облигацияларды ұстаушылардың пайдасына ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне қарай Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептеп төлеуге міндетті.

Эмитент жетінші облигациялық бағдарлама аясында облигациялардың бесінші шығарылымының аңдатпасы бойынша өз міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен егер бұл орындалмау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болса босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары бұл басталуын алдын ала болжау немесе оны болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар/оқиғалар (дүлей апат, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу актілері және т. б.). Еңсерілмейтін күш жағдайлары орын алған жағдайда Эмитенттің жетінші облигациялық бағдарлама аясындағы облигациялардың бесінші шығарылымының аңдатпасы бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақыт кезеңіне қарай кейінге шегеріледі.

Дефолт жағдайы басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде, Эмитент облигацияларды ұстаушылардың жазбаша өтініштерін немесе облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша облигацияларды (облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) сатып алу туралы облигациялар бойынша талап ету құқықтарын сатып алуға мәлімделген облигациялардың санын көрсете отырып, жинақталған сыйақыны ескере отырып, жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент дефолт жағдайы басталғаны туралы ақпараттық хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне сонымен қатар Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі өзі дайындаған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы сұрақтар кіруі тиіс, жоспар облигациялардың көлемін немесе ұстаушылар сатып алуға мәлімдеген облигациялар бойынша талап ету құқықтарын және (қажет болған кезде) облигациялар шығарылымы аңдатпасына мүмкін өзгерістер жобасын ескере отырып жасалуға тиіс.

Егер облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру туралы іс-шаралар жоспары бекітілмеген жағдайда және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алмауы туралы шешім қабылданатын жағдайда, сонымен қатар егер Эмитент борышкердің кредиторлардың

талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімдерде облигация ұстаушылардың алынған жазбаша талаптары бойынша облигациялар және облигацияларды сатып алу бойынша негізгі қарыз және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Эмитенттің және облигацияларды немесе облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың одан арғы әрекеттері Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру туралы іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру туралы осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы анықтайды. Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып қабылдайды.

*Эмитенттің дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері, оған орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушылардың мүмкін әрекеттерінің аталуы туралы мәліметтер, Эмитентке қойылатын талаппен облигацияларды ұстаушылардың әрекет ету тәртібі, Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалар кіреді:*

Облигациялар бойынша дефолт жағдайы туындағанда Эмитент дефолт жағдайын туындатқан себептерді жою және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салады. Дефолт жағдайы орын алғанда Эмитент облигация ұстаушыларына дефолт жағдайы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ ережелерінде көзделген мерзімдерде Эмитенттің ([www.kdb.kz](http://www.kdb.kz)) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) корпоративтік интернет-ресурстарында хабарлама орналастыру арқылы Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ Ішкі талаптарында белгіленген тәртіпте, сонымен қатар Қаржылық есептілік депозитарийінің корпоративтік интернет-ресурсында ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жариялаумен хабарлайды. Хабарлама мына ақпаратты қамтуы тиіс:

- i. дефолт фактісі туралы ақпарат;
- ii. дефолт туындаған күндегі Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
- iii. Дефолт жағдайының туындауына әкеп соққан міндеттемелерді орындамау себептері;
- iv. Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша мүмкін әрекеттерін атап өту, Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда;
- v. Дефолт жағдайының басталуын тудырған себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- vi. Эмитенттің шешімі бойынша басқа ақпарат.

Басқа заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашуды тапсыру көзделмеген. Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайдағы Эмитенттің міндеттемелеріне ортақ немесе субсидиарлық жауаптылығы бар тұлғалар - жоқ.

21. Облигацияларды өтеу сәтiне дейiнгi сыйақыларды төлеудiң әрбiр кезеңi көрсетiлген сыйақыларды төлеу және негiзгi қарыз сомасын өтеу үшiн қажеттi эмитенттiң ақша қаражатының көздерi мен ағындарына болжам жасау.

Эмитенттiң ақша қаражатының көздерi мен ағындарының болжамы осы аңдатпаның №1 қосымшасында берiлген.

22. Эмитенттің облигация ұстаушылар өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):  
Облигация ұстаушылардың өкілі қарастырылмаған.
23. Эмитенттің Төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):  
Сыйақы төлеуді және облигацияларды өтеуді Эмитент төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай өзі жүзеге асырады.
24. Эмитент кеңесшілері туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың онда болуы туралы кеңес беру қызметтерін көрсету шартын жасасу міндеті белгіленген жағдайда):
- 24.1. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың онда болуы бойынша кеңес беру қызметтерін көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:  
Облигацияларды шығару жөніндегі Эмитенттің қаржы консультанты және андеррайтері болып «Halyk Finance» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Halyk Finance») табылады. Halyk Finance компаниясында бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2016 жылғы 4 қарашада берген № 3.2.229/7 лицензиясы бар.
- 24.2. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың онда болуы бойынша кеңес беру қызметтерін көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары:  
Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, А05А1В9, Алматы, Абай д., 109 В, 5 қабат.  
Телефон нөмірі: +7 (727) 357 31 77.
- 24.3. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың онда болуы бойынша кеңес беру қызметтерін көрсететін тұлғамен жасасқан шартының күні мен нөмірі:  
Қаржылық кеңес беру және андеррайтинг бойынша қызметтер көрсету туралы шарт №б/н 19.05.2020 ж.
- 24.4. Эмитенттің басқа кеңесшілері туралы мәліметтер осы тармақта көрсетіледі, егер Эмитенттің пікірі бойынша мұндай мәліметтерді ашу Эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болып табылса:  
Эмитент облигацияларды шығару кезінде басқа кеңесшілерді тартқан жоқ.

Басқарма Төрағасының  
қаржыны басқару мәселелері  
жөніндегі орынбасары



Бабичев Д.Ю.

№1 қосымша

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп болжамы (мың теңге)

Күні	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл	2030 жыл	2031 жыл
Депозиттер 1	548,11	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Кредиттік портфель бойынша алын жаны	245,75	467,06	361,92	365,23	355,15	326,91	210,25	192,57	174,74	169,09	85,70
Қарыз портфелі бойынша алын жаны	-93,66	-767,32	-297,31	-302,27	-293,06	-398,10	-175,48	-118,41	-127,77	-140,13	-279,11
Инвестициялық портфель бойынша алын жаны, ағымдағы жағдай	6,42	14,75	12,90	17,18	12,76	91,70	53,43	107,98	50,65	71,77	0,11
Босқа активтер бойынша барлық алын	0,50	9,66	0,50	0,50	26,69	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
ККАШ, КТС және НК және МЕА сатып алу бойынша кету	-0,01	-0,01	-0,02	-0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Келгені барлығы	800,78	491,47	375,33	382,91	394,61	418,61	263,67	300,55	225,39	240,86	85,81
Кеткені барлығы	-93,67	-767,33	-297,33	-302,28	-293,06	-398,10	-175,48	-118,41	-127,77	-140,13	-279,11
ТАЗА ГЭП - ПОЗИЦИЯ	707,11	-275,86	78,00	80,63	101,55	20,51	88,20	182,14	97,62	100,73	-193,30
КУМУЛЯТИВТІ ҚАЛДЫҚ (+)/АЖЫРАУ (-)	707,11	431,24	509,25	589,88	691,42	711,93	800,13	982,27	1079,89	1180,62	987,32

[1] оның ішінде корреспондент шоттарындағы және «кәрі РНАО» операциялары бойынша ақша қалдықтары ескерілсе.

[2] Бұл болжамдар Консолидацияланбаған негіздегі 01.07.2021 жылғы ликвидтілік деңгейі туралы есептің негізінде алынған.

[3] ККАШ, КТС және НК және МЕА бойынша ағымдар 2023 жылға дейін жасалған Даму жоспарынан алынған.



«Қазақстанның елму банкі» АҚ  
АО «Банк развития Казахстана»  
ТІГІЛГЕН, НӨМІРЛЕНГЕН  
ПРОШНУРОВАНО, ПРОНУМЕРОВАНО  
32 (тридцать) парақ листов  
800) л.  
КҮНІ: 20.11.2011  
ДАТА: 20.11.2011